

А.У. Сатыбалдиева¹
К.Д. Каймулдинова²
А.С. Еркімбекова³

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
³ І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
(E-mail: a_250588@mail.ru, kulash_kaymuldin@mail.ru, aygerim.erkinbekova@mail.ru)

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы «Мәдениет географиясы» элективті курсы оқыту

Аңдатпа. Мақалада заманауи белсенді және интербелсенді оқыту технологияларын қолдану негізінде елімізде мәдени мұра нысандарын қорғау және тиімді пайдалану, өсер ұрпаққа адамгершілік тәрбиесін беруде ерекше орын алатын «Мәдениет географиясын» таңдау пәнін оқыту барысында негізгі түсініктерді меңгерудің, білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырудың тиімді әдістері қарастырылған.

Ғылым мен технологиялар қарқынды дамыған, өзгермелі ақпараттық қоғамда білім алушының зияткерлік әлеуетін, талдау, жинақтау, бағалау дағдыларын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі аса қажетті жаңару педагогтың қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Мақалада жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныптар үшін «Мәдениет географиясы» элективті курсы инновациялық технологиялар арқылы оқыту жолдары ұсынылған. Сонымен қатар, «Өркениет ошақтары және оның таралуы» тақырыбында дайындалған сабақ жоспары берілген

Түйін сөздер: инновациялық технология, әдіс, элективті курс, мәдениет географиясы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-140-3-191-202>

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беру дамудың ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі, мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өркендеуінің негізі ретінде танылды. Қазақстандық білім беру жүйесінің реформасы демократиялық қағидамен, әлемдік тәжірибе мен ұлттық дәстүрлердің жетістіктерін ескере отырып жүргізіледі. Өзгеріс реформасының басты мақсаты – өзіне

тән қабілеттері, қызығушылықтары бар, жеке қасиеттерге ие тұлғаны дамытуға бағытталған гуманистік парадигмаларды жүзеге асыру, білім беру барысына айқын көрінген жағымды тұлғалық мән беру [1].

Өзгермелі ақпараттық қоғамның талабына сәйкес жалпы орта білім беру мазмұнын жаңарту табиғи немесе әлеуметтік-экономикалық үрдістер мен құбылыстарың түзілу заңдылықтарын талдау, жинақтау, бағалау негізінде өз ой қорытындыларын шығара ала-

тын, кез-келген қиындықты жеңетін, қоғамнан өз орынын табатын жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Қазақстан Республикасының бірінші президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының жарық көруі, 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануына байланысты еліміз бен дүниежүзінің мәдени мұра нысандарын, этномәдениетті мектеп географиясында оқытуға баса назар аударылды [2; 3; 4].

Осыған орай, 2019 жылы 9-10 сыныпқа арналған 34 сағаттық «Мәдениет географиясы» таңдау пәнінің авторлық оқу бағдарламасы дайындалып, 2020-2021 оқу жылында Алматы қаласындағы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытылатын Сүлеймен Демирел атындағы мектеп-лицейінде енгізілді.

Таңдау пәнін оқыту барысында негізгі түсініктерді меңгертіп, оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыру, білім алушылардың оқу жетістіктерін онлайн бағалау мақсатында заманауи оқыту технологиялары, қашықтықтан білім беру платформалары мен сервистері қолданылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу 2020-2021 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирел атындағы мектеп-лицейінде «Мәдениет географиясы» таңдау пәнін оқыту барысында 10-сынып оқушыларының арнайы пәндік және пән аралық күзіреттіліктерін қалыптастыру мақсатында заманауи белсенді және интербелсенді оқыту әдістері мен технологияларын пайдаланудың тиімділігін анықтау бағытында зерттеулер жүргізіп, бақылау, салыстыру, эксперимент, талдау, жинақтау, бағалау әдістері қолданылды.

Біз жүргізген зерттеуде алынған нәтижелер миға шабуыл, шағын топтағы жұмыс, «Кейс («case study»), «Б. Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы», «Өзекті оқыту»,

«Ақпараттық-коммуникациялық» технологиялары, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін онлайн бағалау үшін Google Форма, Edupage бағалау сервистері қолданылды

Мәдениет географиясын оқыту үрдісінде заманауи интербелсенді оқыту әдістері мен технологияларын пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырумен қатар, күрделі географиялық түсініктерді жылдам меңгеруге, арнайы пәндік және пән аралық күзіреттіліктерін қалыптастыруда маңызы зор екенін көрсетті.

Талқылау мен нәтижелер

Білім беру саласында педагогтар алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру және заманауи интербелсенді және белсенді педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда мұғалімдер инновациялық және интерактивтік әдістерді оқу үрдісінде тиімді пайдаланып оқушылардың танымдық белсенділіктері мен білім беру сапасын арттыру [5].

Жүргізілген зерттеу нәтижелері «Мәдениет географиясы» таңдау пәнінен білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен оқу жетістіктерінің нәтижелерін арттыруда заманауи инновациялық технологияларды пайдаланып өз беттерімен білім алуын тиімді ұйымдастырудың маңызы зор екенін көрсетті.

Майлс Йеннің пікіріне сәйкес «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын ой», арнайы жаңа өзгеріс. «Инновация» – латынның «novis» жаңалық және «ip» енгізу деген сөздерінен шыққан, ал оның қазақша баламасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді [7].

Танымал дидактик ғалым Н.Нұрахметов өз еңбектерінде «инновация» білімнің мазмұнында, оқыту әдістері мен технологияларында, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, оқу үрдісін басқаруда көрініс табатынын атап өтті. «Инновация» білім беру, өндіріс, денсаулық сақтақ, ғылым мен техника салаларында жиі қолданатын түсінік. Ол «жаңа, өзгеру»,

«жаңаша» деген мағынаны білдіреді [8; 9; 10]. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес [3; 4; 5], Жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныпқа арналған «Мәдениет географиясы» элективті курсының мақсаты – еліміз бен әлемдік мәдениеттің негізгі тасымалдаушылары болып табылатын этностардың қалыптасуы мен дамуы, өркениеттің ірі орталықтары, тарихи-мәдени мұра нысандары, киелі орындары туралы білім негіздерін меңгерту адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық тәрбиелерін беру.

«Мәдениет географиясы» таңдау пәнінің міндеттері:

– Білім алушыларға әлемнің географиялық бейнесін, оның өзгеруі мен қалыптасуының ерекшеліктері туралы білім негіздерін меңгерту;

– Дүниежүзі мен Қазақстанның әр түрлі өңірлеріндегі тарихи-мәдени мұра нысандарының таралу ерекшеліктерін, оларды қорғаудың еліміздің егеменігін сақтаудағы, ұрпақ тәрбиесіндегі мағызын айқындау;

– Жер шарындағы ірі өркениет орталықтарын бір-бірімен салыстыру негізінде олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, оларды қорғаудың маңызын ашып көрсету;

Таңдау пәнінің жаңалығы географиялық білім беру үрдісінде білім алушылардың ғылыми ізеніс жұмыстарына қызығушылығын арттырауға, мәліметтерді талдау, жинақтау

1 кесте

«Мәдениет географиясы» курсының әдістемелік құрылымы

| Курсты ұйымдастыру формалары | Интербелсенді дәріс (білім алу), семинарлар (талдау, деректерді жүйелеу), шағын топтардағы жұмыс, карталармен және статистикалық материалдармен сарамандық және шығармашылық жұмыстар (ой-өрісін кеңейту, ақпаратқа қызығушылық) |
|--|---|
| 1 | 2 |
| Бақылау нысандары | тақырып бойынша сынақ алу үшін, шығармашылық жұмыс (ізденіс); тақырып бойынша аралық немесе қорытынды сынақ алу үшін тестілеу |
| Оқыту ұстанымдары | ғылымилық, сабақтастық, қызығушылық, үздіксіздік, өңірлік және кіріктіру |
| Таңдау курсына қолданатын инновациялық технологиялар | 1.Модульдік оқыту технологиясы. 2.«Жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау, интербелсенді оқыту, ғылыми жобалау» бағдарламалары пікір сайыс, өзекті оқыту, Б.Блумның таным деңгейлерінің таксаномиясы, ақпараттық коммуникациялық |
| Зерттеу әдістері | 1.Әлеуметтік: сауалнама, сұхбат, талдау, жинақтау, бағалау, үлгілеу. 2.Өзекті әдістер: мәселені талдау, болжам жасау, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтау, болуы ықтимал нәтижені алдын-ала болжау, күтілген нәтижені бақыланған құбылыспен салыстыру |
| Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері | 1. Болашақ мамандық иелері үшін, географиялық білімдерді және географиялық талдау әдістерін меңгерудің маңызын негіздеу. 2. Шаруашылықты кеңістіктік ұйымдастыруға әсер ететін табиғи, әлеуметтік және экономикалық факторлар туралы білімді толықтыру және тереңдету. 3. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. |

негізінде іс-тәжірибемен, шынайы өмірмен байланыстарының болуымен сипатталады. Оқушылар қажетті ақпараттарды талдау, жинақтау, бағалау негізінде ой қорытындыларын шығаруды және өз көзқарасын дәлелдеуді үйренеді.

«Мәдениет географиясын» оқыту барысында мәдениеттану, экономикалық география, тарих, әдебиет, экономика, дінтану, әлеуметтану т.б пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады. Ол өз кезегінде білім алушылардың кеңістіктік ойлауын дамытып, әлемнің географиялық бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Мәдениет географиясы» таңдау пәнінің әдістемелік құрылымының сызбасы 1-кестеде берілген [13; 14].

Бүгінгі таңда өзгермелі әлемнің күрделі құрылымын түсіну және адамзат алдында тұрған мәселелердің шешімін табу үшін дағдылары мен біліктілігі бар адамдар қажет. Осы себепті қазіргі кезде оқытудың мағыналы және тиімді орталарын құра отырып, инновациялық тәсілдер мен технологияларға негізделген дағдыларға негізделген оқытуға назар аудара бастады [10]. Бұл тұрғыдан алғанда біз ұсынып отырған «Мәдениет географиясы» элективті курсының дағдыларды қалыптастыру әлеуеті өте жоғары.

Мәдениет географиясы» курсына оқушылардың географиялық мәдениеті мен білімдерін жетілдіріп, түрлі тақырыптық карталармен жұмыс істей білуді, курс бойынша алған білім ғылыми зерттеу жұмыстарына бағыттауды, мамандыққа бағдар алуды үйреніп, әдебиеттер мен қосымша білім көздерін тиімді пайдалану арқылы зерттеушілік қабілетін дамыта алады [14; 16]. Сонықтан пәннің оқыту мақсаттарын жүзеге асыру білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда аса маңызды. Өйткені олар адамзатқа ортақ, өркениеттік құндылықтар мен көзқарастарды меңгерудің алғышарты болып табылады.

«Мәдениет географиясы» курсына оқыту барысында инновациялық әдістерді қолдану оқушының танымдық белсенділіктері мен қызығушылығын, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады және шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім беру мекемелерінде жиі қолданатын заманауи интербелсенді жәре белсенді оқыту әдістерінің бірі–білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру. Жоғары аталған әдісті тиімді пайдалану арқылы 10-сынып сыныпта оқытылатын мәдениет географиясында негізгі түсініктерді терең меңгертуге болады.

Жеке тұлғаға бағдарлап оқыту арқылы кез келген сабақтың дамыту, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында элективті курс сабағында жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады. Осындай сабақ барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ойпікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақ барысында оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға, өз беттерімен білім алуға, талдау, жинақтау, бағалау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін миға шабуыл, шағын топтағы жұмыс, кейс («case study»), Б.Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы, өзекті оқыту сияқты белсенді және интербелсенді оқыту әдістері мен технологияларын пайдалану білім сапасын арттыратынын көрсетті. Жоғарыда аталған белсенді және интербелсенді оқыту әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану «Дүниежүзілік өркениет қауымдастығындағы Қазақстан», «Дүниежүзінің тарихи-мәдени мұралары» тақырыбын өту барысында «Өркениет ошақтары және оның таралуы», дүниежүзінің мәдени және тарихи мұралар туралы негізгі түсініктерді білім алушылардың өз беттерімен меңгеруге, талдап жинақтауға беріледі [17; 18].

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес мәдениет географиясының негізгі түсініктерін меңгертуге шағын топта жұмыс, рефлексия, өзекті оқыту, пікір сайыс әдістеріне баса назар аудардық. Шағын топтағы жұмыс барлық оқушыларға жұмысқа қатысуға,

ынтымақтастық, тұлғаралық қарым-қатынас белсенді тыңдау дағдыларын іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін танымал стратегиялардың бірі болып табылатынын көрсетті. Ол пікір сайыс, қоғамдық тыңдау, сонымен қатар, иммитацияның барлық түрлері сияқты көптеген интербелсенді әдістердің құрамдас бөлігі болып табылады.

Білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясын спиралдық оқыту жүйесінің талаптарына сәйкес «Дүниежүзілік өркениет қауымдастығындағы Қазақстан» тақырыбын оқыту барысында заманауи интербелсенді және белсенді оқыту әдістері мен технологияларын пайдаланып шығармашылық ойлауды, белсенді ой алмасуды тиімді жүзеге асыру үшін біз шағын топты жылдам, орташа және баяу қабылдайтын білім алушылардан құрдық.

Оқушылар көп уақыттарын өз көзқарастарын ұсынуға жұмсап, мәселені әр түрлі қырынан талқылауға қатысуы өзекті мәселені біршама терең қарастыруы мүмкін. Мұндай топтарда оқушылардың өзара қарым-қатынасы біршама жақсы жолға қойылатынын көрсетті.

Сабақ барысында оқушылардың талдау жинақтау дағдыларын қалыптастыру үшін өзекті және шығармашылық тапсырмалар берілді.

Тапсырма. Қазақстанның географиялық атласындағы карталарға, қосымша мәліметтерге талдау жасау негізінде кестеде берілген бірегей тарихи-мәдени мұра нысандарының негізгі түрлерін, таралған өңірлерін анықтап, өз ой қорытындыларыңды шығарыңдар.

Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тақырыптық картаға <https://tanbaly.kz/>, <https://otrarmuseum.kz/>, https://kk.wikipedia.org/wiki/Берел_қорымы, https://ru.wikipedia.org/wiki/Батай_мәдениеті т.б. сайттардағы, қосымша мәліметтерге талдау жасап, тарихи-мәдени мұра нысандарының түрлерін, орналасқан өңірін тауып өз ой қорытындыларын шығарады. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып бейне көрстілімдер көрсетеді. Кері байланыс кезеңінде басқа топ қойған өзекті сұрақтарға жауап береді.


Қазақстанның өткен тарихынан сыр шертетін жоғарыда аталған тапсырмаларды орындау барысында оларды қалпына келтірудің ерекше қорғауға алудың маңызын ашып, өз ұсыныстарын енгізеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері өмірмен байланысы бар тәжірибелік шығармашылық тапсырмалар оқушылардың қызығушылықтарын оятатынын, талдау, жинақтау, бағалау дағдыларын қалыптастыратынын көрсетті. Жауаптың белгісіздігі, өзінің жеке және әріп-

2 кесте

«Мәдениет географиясы» курсына берілген тапсырма

| Бірегей тарихи-мәдени мұра нысандары | Таралған өңірі | Тарихи-мәдени ескерткіштердің түрі | Қорғалу жағдайы |
|---|----------------|--|--|
| Таңбалы тас | Алматы облысы | Қола, сақ түркі кезеңдерінің жартастағы суреттері мен қорғандары | ЮНЕСКО-ның бүкіл дүниежүзілік мұралар тізіміне енген тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражай |
| Ерте орта ғасырлық Отырар қалашығы | | | |
| Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи кесенелері | | | |
| Есік қорғаны | | | |
| Батай мәдениеті | | | |
| Негізгі қорытындылар | | | |



Сурет 1. Google Earth Жер бойынша жердің үш өлшемді үлгісін (глобусын) пайдаланып, қажетті нысандарды табу

тестерінің, достарының тәжірибелеріне негізделіп «дұрыс» шешімді табуды қажет ету ынтымақтастықтың, бірлесіп оқудың, педагог пен білім алу үрдісіне барлық қатысушылардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынасының іргесін қалайды.

1-тапсырма. Есік Қорғандарының еліміздің өткен тарихында алатын орнын, Қазақстанның егемендігінің нышаны елтаңбамен байланысы, оны ерекше қорғаудың маңызын түсіндіріңдер.

2-тапсырма. Отырар қалашығы археологиялық қорық-музейінің Қазақстандағы орта ғасырлық отрықшы өркениеттің, қала мәдениетінің дамуын дәлелдеудегі алатын орын анықтаңдар.

3-тапсырма. Бекет ата жерасты мешітінің ерекшеліктерін, мәдени мұра нысаны, киелі орын ретінде ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын ашып көрсетіңдер. Айтар ойларыңды бірегей сәулет ескерткішіне қатысты аңыздармен негіздеңдер.

Тапсырмаларды орындау оқушылардан тақырыптық карталарға, қосымша білім көздерінен талдау жасауды, жинақтап ой қорытындысын шығаруды қажет ететіндіктен оларды топта талқылау өз беттерімен білім

алуды, арнайы пәндік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырады.

Оқушылар тапсырмаға дұрыс жауап беріп өз ой қорытындыларын шығару үшін өзекті мәселе тудырып оның жолын көрсеттік. Ол өз кезегінде талдап жинақтап дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырды.

«Дүниежүзінің тарихи-мәдени мұралары» тақырыбын өту барысында білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясын оқытуда баса назар аударылған географиялық ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың білім алушылардың көзбен көріп шолу арқылы талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. олардың қатарына шынайы уақыт жүйесінде жұмыс істейтін Google Earth (Google Жер ғаламшары) Жер үш өлшемді үлгісін жатқызуға болады (1 сурет).

Интербелсенді Google Earth (Google Жер ғаламшары) Жер үш өлшемді үлгісімен (глобусымен) жұмыс істеу нәтижесінде ЮНЕСКО-ның бүкіл дүниежүзілік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Хиопс пирамидасы, Тадж махал, Мачу-Пикчу сияқты т.б. бірегей мәдени мұра нысандарын көзбен көріп шолуға, географиялық коор-

Кесте 3

«Google Earth Жер» үш өлшемдi глобусты, географиялық карталарды талдау негiзiнде «ЮНЕСКО-ның бүкiл дүниежүзiлiк мұралар тiзiмiне енген бiрегей тарихи-мәдени ескерткiштер» тақырыбында географиялық деректер қорын құруға арналған тапсырмалар

| Географиялық нысандар | Географиялық координаттары | Абсолют биіктігі, м | Орналасқан мемлекеті | Салынған жылдары |
|---------------------------|----------------------------|---------------------|----------------------|------------------|
| | ендігі °, ‘ | Бойлығы °, ‘ | | |
| Қожа Ахмет Ясауи кесенесі | | | | |
| Хиопс пирамидасы | | | | |
| Тадж махал | | | | |
| Мачу-Пикчу | | | | |

динагтарын, теңіз деңгейiнен биіктіктерiн анықтауға мүмкiндiк туады [17; 18].

Мектеп географиясының үлгiлiк оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес, оқушылардың алған бiлiмдерiн iс жүзiнде пайдалану даңдыларын меңгерту үшiн «ЮНЕСКО-ның бүкiл дүниежүзiлiк мұралар тiзiмiне енген бiрегей тарихи-мәдени ескерткiштер» тақырыбында географиялық деректер қорын құру үшiн төменде көрсетiлген тапсырманы ұсынуға болады

Тапсырма. «Google Earth Жер» (Google Жер ғаламшары) үш өлшемдi виртуалды глобустың iздеу терезелерiн, ұлғайту (кiшiрейiту), жылжыту тетiктерiн қолданып, төменде көр-

сетiлген iрi тау жүйелерiнiң ең биiк шыңдарын жазып, географиялық координаттарын, теңіз деңгейiнен биіктігiн анықтаңдар (2 кесте).

Заманауи интербелсендi «Google Earth Жер» үш өлшемдi, google.kz/maps, yandex.kz/maps Интернет карталарын пайдалану арқылы географиялық деректер қорын құру оқушылардың өз бетiмен бiлiм алу дағдыларын қалыптастырып, танымдық белсендiлiктерiн арттыруда маңызды зор екенiн көрсеттi.

«Дүниежүзiлiк өркениет қауымдастығындағы Қазақстан», «Дүниежүзiнiң тарихи-мәдени мұралары» тақырыптарын өту барысында оқушылардың алған бiлiмдерiн бекiту,



Сурет 2. Бiлiм алушылардың оқу жетiстiктерiн Google test сервисiмен онлайн бағалау нәтижелерiнiң графiктiк есебi

іс жүзінде пайдалану дағдылары е меңгертіп оқу жетістіктерін қалыптастырушы бағалау Google test электронды онлайн тестілеу сервисімен жүргізілді (2 сурет).

2 суретке жасалған талдаулар көп жауапты Google test тапсырмасының біріншісіне 18 (90%) екіншісіне 17 (85%), үшіншісіне 7 (35%), төртіншісіне 12 (60%), бесіншісіне 5 (25%) алтыншысына 3 (15%) жетіншісіне 9(45%) оқушы дұрыс жауабын тапқан, ал 3 сұраққа дұрыс емес тұжырымды белгілеген.

Қашықтықтан онлайн тест нәтижелеріне жасалған талдаулар берілген көп жауапты тест тапсырмалардың 70% дұрыс жауап бергенін көрсетті. Бұдан «Дүниежүзінің тарихи-мәдени мұралары» тақырыпты оқушылардың басым бөлігі меңгерді және барлық тапсырма соңында қатысқан 20 білімгердің үлгерімі 100%, білім сапасы 70% деген қорытынды шығардық.

Google test электронды онлайн тестілеу сервисінің басты артықшылығы білімгерлердің алған бағаларының сандық мәліметтер мен графиктік талдаулар білім алушылардың оқу жетістіктерін шынайы бағалауға мүмкіндік береді [17; 18].

«Мәдениет географиясы» таңдау пәнінен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Алматы қаласының мәдени орындары» тақырыбында бірегей сәулет ескерткіштері мен тарихи-мәдени орталықтарына, Есік, қорғандарына экскурсиялар ұйымдастыру, сәулетшілер, археологтар мен тарихшы ғалымдармен кездесулер, тақырыптық пікір сайыстар өткізудің оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыруға, бірегей мәдени мұра нысандарын қорғаудың маңызын түсінуге, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиелерін беруде маңызы зор екенін көрсетті.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне жасалған талдаулар «Мәдениет географиясы» таңдау пәнін өту барысында заманауи интербелсенді және белсенді оқыту әдістері мен технологияларын, ақпараттық-коммуникациялық құралдардың мүмкіндіктерін тиімді

пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыруға және төмендегі мәселелерді шешіп, жүзеге асыруға ықпал ететінін көрсетті:

Біріншіден, Қазақстанның және дүниежүзінің мәдени мұра нысандарын білімталушылардың өз беттерімен іздеп, оларға қатысты мәліметтерді табу, талдап, жинақтап ой қорытындыларын шығаруы халқымыз қастерлейтін киелі орындар санатына жататын Қожа Ахмет, Яссауи, Арыстан баб кесенелері, Бекет ата жер асты мешіті сияқты бірегей тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, Қазақстан Республикасының бірінші президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыруға, өсен ұрпаққа адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесін беруге, отан сүйгіштік сезімдерін оятуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының, ақпараттық қоғамның талаптарына сәйкес геоақпараттық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану сабақтың оқу мақсатын жүзеге асыруда ерекше орын алатын негізгі түсініктерді терең меңгертуде, тақырыпта қамтылған нысандарды көзбен көріп шолу арқылы сыртқы бейнесін, географиялық орнын, теңіз деңгейінен биіктігін анықтауда, білім алушылардың оқу жетістіктерін қашықтықтан бағалауда ерекше орын алады.

Үшіншіден, интербелсенді және белсенді оқыту әдістері мен технологияларын тиімді пайдалану оқушылардың бір бірімен белсенді қарым-қатынасын ұйымдастыру, кері байланыс орнату арқылы өз беттерімен білім алуын, талдау, жинақтау, бағалау, үлгілеу дағдыларын қалыптастырады. Ол өз кезегінде пәнге қызығушылықты арттырып оқу міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Бұдан біз мәдениет географиясын оқыту үрдісінде заманауи оқыту технологияларын тиімді пайдалану зерттелетін аумақтың тарихи-мәдени мұраларын, мәдени ландшафттарын зерттеп жерделеуге, қазіргі жағдайын бағалап, ерекше қорғау сияқты және т.б. міндеттерді жедел шешуге мүмкіндік береді деген қорытынды шығардық.

Әдебиеттер тiзiмi

1. Қазақстан Республикасында бiлiм берудi және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасын бекiту туралы Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. [Электрон. ресурc]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (қаралған күнi: 20.01.22).
2. Қазақстан Республикасының бiрiншi президентi Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. [Электрон. ресурc]. – 2022. – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (қаралған күнi: 20.01.22).
3. Қазақстан Республикасының бiрiншi президентi Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жетi қыры» бағдарламалық мақала. [Электрон. ресурc]. – 2022. – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyru-atty-makalasy (қаралған күнi: 20.01.22).
4. Тарихи-мәдени мұра объектiлерiн қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ. – [Электрон. ресурc]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288> (қаралған күнi: 20.01.22).
5. Педагог мәртебесi туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. [Электрон. ресурc]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> (қаралған күнi: 20.01.22).
6. Майлс Й., Белоусова В., Чичканов Н. Режимы инновационной деятельности компаний в секторе интеллектуальных услуг // Форсайт. – 2017. - №3. – С. 95.
7. Everett M. Rogers, an intercultural life: From Iowa farm boy to global intellectual. International // Journal of Intercultural Relations. – 2012. – № 36. – P. 848–849.
8. Нұрмұхамбетов Н. «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздiк» / Н. Нұрмұхамбетов. – Алматы, 2000. – 225 б.
9. Бөрiбекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазiргi заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық / Ф.Б. Бөрiбекова, Н.Ж. Жанатбекова. – Алматы, 2014. – 200 б.
10. Тоқпанов Е.А., Сергеева А.М., Шумақова Г.Ж. Географиялық бiлiм беру жүйесiндегi жаңа инновациялық технологиялар / Е.А. Тоқпанов, А.М. Сергеева, Г.Ж. Шумақова. – Алматы: ССК, 2019. – 272 б.
11. Әлiмов А. Интербелсендi әдiстердi жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы / А. Әлiмов. – Алматы: Эверо, 2009. – 200 б.
12. Таможня Е.А., Смирнова М.С., Душина И.В. Методика обучения географии / Е.А. Таможня, М.С. Смирнова, И.В. Душина. – Москва: Издательство Юрайт, 2021. – 200 с.
13. Сатыбалдиева А.У., Мырзалиева З.К. Жалпы бiлiм беретiн мектептерде «мәдениет географиясы» элективтi курсының педагогикалық негiздерi. // Вестник ҚазҰПУ. Серия «Педагогика ғылымдары». – 2020. – №2 (66). – 291-292 б.
14. Тоқпанов Е.А., Мазбаев О.Б., Асубаев Б.Қ. Увалиев Т.О. Географияны оқыту әдiстемесi. «15B011600 – География» мамандығының бiлiмгерлерi мен мұғалiмдерге арналған. Оқулық / Е.А. Тоқпанов, О.Б. Мазбаев, Б.Қ. Асубаев Т.О. Увалиев. – Алматы: Эверо, 2015. – 200 б.
15. Сухоруков В.Д., Сулов В.Г. Методика обучения географии / В.Д. Сухоруков, В.Г. Сулов. – Москва: Издательство Юрайт, 2021. – 200 с.
16. Ayzhan S., Kulyash K., Kulash M., Zabira M. , Yerlan I. , Nurbol U. Teaching and Learning foundation of the elective course «Cultural Geography». World Journal on Educational Technology: Current Issues. – 2021. – № 13(4). – P. 1040-1050.
17. Wojtek M., Voitikova Ya., Gontsova M., Repaska G., Svorad A., Dubtsova A., Boltigiar M. Geoinformation Technologies – the Tool for Improving Quality of Teaching Geography. January. Geografické Informácie. – 2015. – № 19(2). – P. 137-150.
18. Hülya Yiğit Özüdoğru & Nurcan Demiralp. Developing a geographic inquiry process skills scale, Education Inquiry. 2021.

А.У. Сатыбалдиева¹, К.Д. Каймулдинова², А.С. Еркiмбекова³

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

³Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

Преподавание элективного курса «География культуры» с применением инновационных технологий

Аннотация. В статье рассматриваются эффективные методы применения современных технологий активного и интерактивного обучения для усвоения основных понятий, повышения познавательной активности учащихся при преподавании элективного курса «География культуры», занимающей особое место в сохранении и рациональном использовании объектов культурного наследия страны и в нравственном воспитании молодежи.

В эпоху стремительного развития науки и технологий, увеличения потока информации основной задачей образовательных учреждений является развитие интеллектуальных способностей и талантов обучающихся. Важные изменения в современном образовательном пространстве неразрывно связаны с неустанным поиском и творчеством педагога. Поэтому необходимо совершить огромный прорыв в освоении новейших педагогических технологий, способствующих обучению с учетом индивидуальных способностей каждого ученика и развитию в нем самостоятельности, любознательности и творческих способностей.

В работе предложены эффективные методы преподавания элективного курса «География культуры» для 10-х классов естественно-математического направления с использованием инновационных технологий. Также приведен план урока по теме «Центры цивилизации и их размещение».

Ключевые слова: инновационные технологии, методы, элективные курсы, культурная география.

A.U. Satybaldieva¹, K.D. Kaimuldinova², A.S. Erkinbekova³

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan

Teaching an elective course «Geography of Culture» with the use of innovative technologies

Abstract. The article discusses effective methods of using modern technologies of active and interactive learning for mastering basic concepts, increasing the cognitive activity of students when teaching the elective course «Geography of Culture», which takes a special place in the preservation and rational use of cultural heritage sites of the country and in the moral education of young people.

In an era of rapid development of science and technology, an increase in the flow of information, the main task of educational institutions is to develop the intellectual abilities and talents of students. Important changes in the modern educational space are inextricably linked with the relentless search and creativity of the teacher. Therefore, it is necessary to make a huge breakthrough in the development of the latest pedagogical technologies that contribute to learning, taking into account the individual abilities of each student and the development of independence, curiosity, and creativity in him.

The article proposes effective methods of teaching the elective course «Geography of Culture» for the 10th grade in the natural and mathematical direction using innovative technologies. There is also a lesson plan on the topic: «The centers of civilization and their location».

Keywords: innovative technologies, methods, elective courses, cultural geography.

References

1. Kazakhstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020 – 2025 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019, No. 988]

on approval of the state program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>, [in Kazakh]. (accessed 20.01.22).

2. Kazakstan Respublikasynyn birinshi prezidenti N.A. Nazarbaevtyn «Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru» bagdarlamalyk makalasy [Program article of the first president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev «looking to the future: modernization of public consciousness»]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy, [in Kazakh]. (accessed 20.01.22).

3. Kazakstan Respublikasynyn birinshi prezidenti N.A. Nazarbaevtyn «Uly dalanyyn zheti kyry» bagdarlamalyk makala [Program article of the first president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev «seven facets of the Great Steppe»]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalanyyn-zheti-kyry-atty-makalasy, [in Kazakh]. (accessed 20.01.22).

4. Tarihi-madeni mura obyektlerin korgau zhane pajdalanu turaly Kazakstan Respublikasynyn Zany 2019 zhylgy 26 zheltoksandagy № 288-VI KRZ [Law of the Republic of Kazakhstan on the protection and use of objects of historical and cultural heritage dated December 26, 2019 No. 288-VI Sam]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288>, [in Kazakh]. (accessed 20.01.22).

5. Pedagog martebesi turaly Kazakstan Respublikasynyn Zany 2019 zhylgy 27 zheltoksandagy № 293-VI KRZ. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>, [in Kazakh]. (accessed 20.01.22).

6. Miles Y., Belousova V., Chichkanov N. Rezhimy innovacionnoj dejatel'nosti kompanij v sektore intellektual'nyh uslug [Modes of innovative activity of companies in the intellectual services sector], Forsajt [Foresight]. 2017. No. 3. P. 95, [in Russian].

7. Everett M. Rogers, an intercultural life: From Iowa farm boy to global intellectual. International, Journal of Intercultural Relations. 2012. No.36. P. 848–849.

8. Nurmuhambetov N. Kazaksha-oryssha, oryssha-kazaksha terminologijalyk sozdik» [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh terminological dictionary], (Almaty, 2000), [in Kazakh].

9. Boribekova F. B., Zhanatbekova N. Zh. Kazirgi zamangy pedagogikalyk tehnologijalar [Modern pedagogical technologies]. Textbook (Almaty, 2014), [in Kazakh].

10. Tokpanov E.A., Sergeeva A.M., Shumakova G.Zh. Geografijalyk bilim beru zhujesindegi zhana innovacijalyk tehnologijalar [New innovative technologies in the geographical education system] (Almaty, SSK, 2019), [in Kazakh].

11. Alimov A. Interbelsendi adisterdi zhogary oku oryndarynda koldanu. Interbelsendi adisterdi zhogary oku oryndarynda koldanu [Application of interactive methods in higher education institutions]. Study guide (Evero, Almaty, 2009), [in Kazakh].

12. Tamozhnyaya E.A., Smirnova M.S., Dushina I.V. Metodika obuchenija geografii [Methods of teaching geography] (Jurajt, Moscow, 2021), [in Russian].

13. Sатыбалдиева А.У., Мырзалиева З.К. Zhalpy bilim beretin mektepterde «madeniet geografijasy» jelektivti kursyn engizudin pedagogikalyk negizderi [Pedagogical bases of implementation of the elective course «geography of culture» in general education schools], Bulletin of KazSPU. Series «Pedagogical Sciences». 2020. No. 2 (66). P. 291-292, [in Kazakh].

14. Tokpanov E.A., Mazbaev O.B., Asubaev B.K., Uvaliev T.O. Geografijany okytu adistemesi. «15V011600 – Geografija» mamandygynyn bilimgerleri men mugalimderge arnalgan [Methods of teaching geography. For students and teachers of the specialty «15b011600-geography»]. Textbook (Evero, Almaty, 2015), [in Kazakh].

15. Sukhorukov V.D., Suslov V.G. Metodika obuchenija geografii [Methods of teaching geography] (Jurajt, Moscow, 2021), [in Russian].

16. Ayzhan S., Kulyash K., Kulash, M., Zabira, M. , Yerlan, I. ., & Nurbol, U. Teaching and Learning foundation of the elective course «Cultural Geography». World Journal on Educational Technology: Current Issues, 2021. No. 13 (4). P. 1040-1050.

17. Wojtek M., Voitikova Ya., Gontsova M., Repaska G., Svorad A., Dubtsova A., Boltigiar M. Geoinformation Technologies – the Tool for Improving Quality of Teaching Geography. Geografické Informácie. 2015. No. 19(2). P. 137-150

18. Hülya Yiğit Özüdoğru & Nurcan Demiralp. Developing a geographic inquiry process skills scale, Education Inquiry, 2021.

Авторлар туралы мәлімет:

Сатыбалдиева А.У. – корреспонденция үшін автор, «6D011600 – География» мамандығының 2-курс докторанты, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Каймулдинова К.Д. – география ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Еркімбекова А.С. – «7M01506 - география» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Satybaldieva A.U. – **Corresponding author**, Ph.D. student in Geography, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Kaimuldinova K.D. – Doctor of Geographical Sciences, Professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Erkinbekova A.S. – The 1st year master's degree student in Geography, I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan.